

Жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедектерге, зейнеткерлік жастағы жалғызбасты жұбайлық және отбасылық жұптарға арналған әлеуметтік тұрғын үйдің Ережесі туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің шешімі 2002 жылғы 1 сәуірдегі N 50. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 25 сәуірде N 448 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 23 шілдеде N 3/627 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 23.07.2012 N 3/627 қаулысымен.

2000-2002 жж. Алматы қаласының кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күресу жөніндегі Бағдарламасына сәйкес және жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау және қолдау жұмыстарын жетілдіре түсу мақсатымен, Алматы қаласының Әкімі **ШЕШТІ:**

1. Жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедектерге, зейнеткерлік жастағы жалғызбасты жұбайлық және отбасылық жұптарға арналған Әлеуметтік тұрғын үйдің Ережесі бекітілсін (Қосымша N 1).

2. Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті (Нұрланов А.Ж.) белгіленген тәртіп бойынша осы шешімнің тіркеуге алынуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Қ.Бижановқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

А л м а т ы қ а л а с ы Ә к і м і н і ң
2 0 0 1 ж . 0 1 с ә у і р д е г і
N 50 шешіміне N 1 қосымша

**Жалғыздікті зейнеткерлерге және мүгедектерге,
зейнеткерлік жастағы жалғыздікті жұбайлық және
отбасылық жұптарға арналған әлеуметтік тұрғын үй туралы
Ереже I. Жалпы ережелер**

1. Әлеуметтік тұрғын үй - меншік құқығы бойынша өздерінің иелігіндегі баспананы қалаға тапсыратын жағдайда, күтімге, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуге мұқтаж жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедектерге, зейнеткерлік жастағы (әрі қарай - "егде адамдар") жалғыздікті жұбайлық және

отбасылық жұптарға тұрақты тұруына арналған арнаулы тұрғын үй кешені.

2. Әлеуметтік тұрғын үй жергілікті атқару органының қаулысы бойынша ұйымдастырылды.

3. Әлеуметтік тұрғын үйді басқару Алматы қаласы әкімшілігінің өкілетті органы арқылы жүзеге асады.

4. Қалада екі немесе одан көп әлеуметтік тұрғын үй болса, оларға реттік нөмірлер берілуі мүмкін.

5. Әлеуметтік тұрғын үй санитарлық-гигиеналық, өрттен қорғау, қауіпсіздік техникаларының талаптарына сай келетін, егде адамдардың тұруына арналған барлық коммуналдық қолайлы жағдайлар жасалған, арнайы (типтік) салынған немесе қажетті бөлмелері бар, қолайлы ғимаратта ұйымдастырылады.

6. Әлеуметтік тұрғын үй (мүліктік) кешен ретінде Алматы қаласының коммуналдық меншігі болып табылады.

7. Әлеуметтік тұрғын үйде тұратын егде адамдарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын, санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің сақталуын, мамандандырылған медициналық жәрдем көрсетілуін белгіленген тәртіпке сәйкес денсаулық сақтау органдары бақылайды.

8. Әлеуметтік тұрғын үй Алматы қаласының халқын әлеуметтік қорғауға арналған қаражаттардың есебінен ұсталады.

9. Әлеуметтік тұрғын үйдің құқықтық жағдайы осы Ереже арқылы белгіленеді.

10. Әлеуметтік тұрғын үйге көшуді қалайтын адамдарды анықтап, есебін алуын халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі өкілетті орган жүзеге асырады.

II. Әлеуметтік тұрғын үйдің мақсаты

11. Әлеуметтік тұрғын үйдің негізгі мақсаты-егде азаматтардың күнделікті тұруына тұрғын үй жайларын ұсыну мен әлеуметтік- тұрмыстық, медициналық және т.б. қызметтерді көрсетуін қамтамасыз ету.

III. Тұрғын үй алаңын беру және әлеуметтік үйде тұру тәртібі

12. Әлеуметтік тұрғын үй меншік құқығы бойынша өз иелігіндегі тұрғын үйлерін қаланың коммуналдық меншігіне өткізген және өз-өзіне қызмет ету қабілетін толық немесе ішінара сақтаған егде азаматтардың тұрақты тұруына арналған.

13. Әлеуметтік тұрғын үйге Алматы қаласында тұрақты тұратын егде азаматтар қабылданады.

14. Әлеуметтік тұрғын үйде тұруды қалайтын адамдар Алматы қаласындағы

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы өкілетті органға қабылдау туралы өтінішін (N 1 Қосымша) және баспанаға меншік құқығын беретін құжаттарды тапсырады.

15. Жұқпалы, психикалық аурулары бар, сондай-ақ маскүнем, нашақор адамдарды әлеуметтік тұрғын үйге қоныстандыруға болмайды.

16. Қария азаматтардың өтініші негізінде Алматы қаласындағы халықты әлеуметтік қорғау саласындағы өкілетті орган мүдделі тараптардың қатысуымен тұрғын үйдің (пәтердің) санитарлық-техникалық жағдайы туралы акт жасайды (N 2 Қосымша).

17. Әлеуметтік тұрғын үйге қоныстандыру туралы шешімді құрамы Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулысымен бекітілетін Комиссия қабылдайды.

18. Әлеуметтік тұрғын үйге қабылдау Комиссиясы оң шешім қабылдаған соң халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі өкілетті органы егде азаматтармен жалдау шартын ресімдейді (N 3 Қосымша).

19. Қарт азаматтардың коммуналдық меншікке тапсырған үй жайы тұрғын үй қорын басқару жөніндегі өкілетті органы белгіленген тәртіпке сәйкес үй жағдайын жақсартуға мұқтажды азаматтарға беріледі немесе сатылып, қаражаты бюджетке аударылады.

20. Тұрғын үйді жалға беру келісім - шартына сәйкес (Қосымша N 3), егде азаматтарға Әлеуметтік тұрғын үйден бір немесе екі бөлмелі пәтер өмірлікке беріледі.

Екі жақ келіскен жағдайда, келісімнің бір жағының бастамасымен тұрғын үйді жалға беру келісіміне қосымша шарттар енгізілуі мүмкін.

Жалға алушы бастаушы болып әлеуметтік тұрғын үйдегі тұрғын жайды жалға алу шартын бұзған күнде, қаланың коммуналдық меншігіне өткен пәтер қайтарылмайды.

21. Әлеуметтік тұрғын үйдегі пәтерлерді жекешелендіруге, айырбастауға, тұрғын үй алаңын бөлуге, уақытша тұрғындарды қоныстандыруға, жалға беруге болмайды.

22. Екі бөлмелі пәтерде тұратын отбасы мүшелерінің бірі басқа жаққа кеткен жағдайда Комиссия пәтерде тұрушының келісімімен, тиісті нормалар мен ережелерді сақтап, сол тұрғын үй алаңын көлемі шағын баспанаға айырбастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

23. Әлеуметтік тұрғын үйде тұратындардың зейнетақылары, мемлекеттік жәрдемақылары, арнайы мемлекеттік және арнайы қалалық жәрдемақылары толық сақталады, қолданыстағы заңнамаға сәйкес әлеуметтік қорғаумен және қолдаумен қамтамасыз етіледі.

IV. Әлеуметтік тұрғын үйде тұратын азаматтарға көрсетілетін қызметтер мен берілетін кепілдіктер

24. Егде азаматтарға әлеуметтік тұрғын үйге қоныстанар кезде мынадай кепілдіктер беріледі:

- тұрғын үй коммуналдық төлемдерін толық мөлшерде төлеу;
- жеке телефонды тегін орнату;
- көшкенде жеке заттары мен мүліктерін тегін тасымалдау;
- қоныстанарда пәтерге қолайлы жағдайлар жасауда (жиһаздарды қою, перде ілгіштерді, төбешамдарды орнату, электроплиталарды іске қосу, есік-терезелерді жылылау және т.б.) жәрдемдесу;
- тәулігіне бір рет тегін ыстық түскі ас беру.

Ескерту. 24 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 7 тамыздағы N 4/639 қаулысымен .

25. Әлеуметтік тұрғын үйде тұратындарға:

- олардың зейнетақылары жаңа тұрғылықты жеріне ауыстырылып, жеткізіп беріледі ;

- мүгедектікті белгілеу немесе мүгедектік тобының өзгеруіне байланысты мәселелері шешіледі ;

- қолданыстағы заңнамада белгіленген кепілді медициналық жәрдемнің көлемінде медициналық қызметтер көрсетіледі.

26. Әлеуметтік тұрғын үйде тұратын адамдар үшін мыналар ұйымдастырылады :

- тәулік бойы күзет ;
- медбикештің кезекшілігі ;
- осы үйде тұратындардың әлеуметтік-тұрмыстық талап-тілектерінің орындалуын ұйымдастыратын диспетчерлік пункттің жұмысы.

27. Әлеуметтік тұрғын үйде тұратын азаматтарға мынадай қызметтер көрсетіледі :

- күнделікті қажетті тауарлар сататын дүкен ;
- дәмхана ;
- көрсетілетін қызметтерінің бағалары төмендетілген шаштараз, кір жуу бөлмесі және аяқ киім жөндеу пункті.

28. Тұрақты күтімге мұқтаж егде азаматтарға әлеуметтік саладағы қызметкерлер арқылы қажетті әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсетіледі.

29. Егде азамат қайтыс болғаннан кейін тұрғын үй-коммуналдық қызметін төлеу үшін бөлінген қаражат Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі өкілетті органның есебінде қалады.

Әкімшілік хатшысы

Жалғызілікті зейнеткерлер мен
мүгедектерге арналған Әлеуметтік
тұрғын үй туралы Ережеге
N 1 Қосымша
Қария азаматтар үшін
Әлеуметтік тұрғын үйде тұрушы
адамдарды анықтау жөніндегі
Комиссия төрағасына

Қарт азаматтарға арналған
Әлеуметтік тұрғын үйде тұрғын жайды беру туралы
ӨТІНІШ

Мен, азамат(ша) _____

_____, Алматы
қаласы

_____ көшесінде (даңғылында) N__
__ үйде _____ пәтерде тұрамын, жеке меншігімде үйім бар,
маған жалғызілікті зейнеткерлер үшін әлеуметтік тұрғын үйден пәтер
берулеріңізді өтінемін, оның мекен-жайы Алматы қаласы, Н.Тілендиев көшесі,
256/1 үй жоғарыда аталған тұрғын үйді (пәтерді) қаланың коммуналдық
меншігіне беру шартымен тұрғын үй _____ қабатта
орналасқан, жалпы көлемі _____ шаршы метр, тұрғын алаңы __
_____ шаршы метр, ас үйі _____ шаршы метр.

Өтінішіме мына құжаттарды қоса беремін:

1. Тұрғын жайды иелену құқығын растайтын құжаттар.
2. Тұрғын жай туралы N 3 үлгідегі анықтама.

Өтініш иесі : _____
(аты - жөні)

Пәтерімді (үйімді) коммуналдық меншікке беруге келісемін (келісуші)
отбасы мүшелері

(аты - жөні)

_____ " _____ " _____ 2001 жыл

Жалғызілікті зейнеткерлер мен
мүгедектерге арналған әлеуметтік
тұрғын үй туралы Ережеге

№ 2 Қосымша
Тұрғын жайдың (үйдің, пәтердің)
санитарлық - техникалық жағдайының
А К Т І

"Жалғызілікті зейнеткерлер мен мүгедектерге арналған Әлеуметтік тұрғын үй туралы" Ереже негізінде мына құрамда қызмет еткен комиссия: _____

_____ үйдің (пәтердің)
санитарлық жағдайын тексеруден өткізді.

Осы үйде тұрушы азамат(ша) _____
_____ көшесі (даңғыл) № _____ үй, _____ қор, _____
_____ пәтерде тұрады.

_____ (ордерді берген ұйымның аталуы)
Жеке есеп-шоты азамат(ша) _____

_____ № _____ пәтерді жекешелендіру (дата)
келісім-шартының (ордердің) негізінде ашылды.

ПИК аталуы _____

2. Тұрғын жайда тұратын және осында жазылған отбасы мүшелерінің саны _____

Аты-жөні мәртебесі	Туған күні, айы, жылы	Туыстық қатысы	Қай уақыттан бері		Әлеуметтік мәртебесі
			тұрады, тіркелген	Алматыда осы жайда	
		өтініш иесі			

3. Үйдің сипаттамасы: кірпіш, панелді, блокты, ағаш (оюланған, қалқанды, каркасты-үйінді) аралас, жеңіл, апатты, тұрғын үйге келтірілген (сызу керек)

4. Пәтер жайлылығы: газ, суқұбыры, жуынды құбыры, ыстық су (орталық жылу, пеш, жуынатын орын, құбырлар (біріктірілген, бөлек) лифт, телефон _____

5. Пәтердің жалпы көлемі _____ шаршы метр. Пәтердің тұрғын жайы _____ шаршы метр, ас үй _____ шаршы метр.

6. Бөлмелердің саны, олардың сипаттамасы (бөлек, аралас-бөлек, өтпелі,тік өтпелі).

N	Бөлмелер	Бөлмелердің көлемі
1		
2		
3		
4		

7. Үй қанша қабаттан тұрады _____, аталған жай қай қабатта орналасқан _____.

8. Пәтер иесінің қосымша мәліметі (отбасында қайтыс болғандар, Ұлы Отан соғысының мүгедегі, зейнеткер).

9. Коммуналдық қызмет жөніндегі берешектерінің жоқтығы _____

ПИК төрағасы _____ Бас есепші _____

Комиссия мүшелері:

А к т і м е н т а н ы с т ы м

(үй, пәтер иесінің қолы)

" ____ " _____ 2002 жыл

Жалғызілікті зейнеткерлер мен мүгедектер үшін
ә л е у м е т т і к

т ұ р ғ ы н ү й т у р а л ы Е р е ж е г е

N 3 Қосымша

Әлеуметтік тұрғын үйдегі

тұрғын жайды жалға алу Ш А Р Т Ы

Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі өкілетті органы, Еңбек , жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаментінің атынан А.Ж.Нұрланов, Департамент туралы Ереженің негізінде қызмет етуші, бұдан әрі

Жалға беруші, бір жағынан және азамат _____

одан әрі Жалға алушы, екінші жағынан төмендегілер туралы шартқа отырды:

I. Шарттың қызметі

1.1. Жалға беруші Жалға алушыға (оның отбасы мүшелеріне), жалғызділікті зейнеткерлер мен мүгедектерге арналған әлеуметтік тұрғын үйге тұрушыларды анықтайтын Комиссияның шешімі негізінде Тлендиев көшесі, 256/1 үй, пәтер мекен жайы бойынша, жалпы алаңы _____ шаршы метр, _____ бөлмеден тұратын пәтер өмірлік ие болып пайдалануға беріледі.

1.2. Екі бөлмелі пәтерде тұратын отбасы мүшелерінің біреуі кетіп қалған жағдайда, комиссия тұрушының келісімімен тұрғын жайды нормамен ережеге сәйкес кішірек алаңға ауыстыруға құқықты.

1.3. Жалға алушы бастаушы болып әлеуметтік тұрғын үйдегі тұрғын жайда жалға алу шартын бұзған күнде, қаланың коммуналдық меншігіне өткен пәтер қ а й т а р ы л м а й д ы .

1.4. Әлеуметтік тұрғын зейнеткерлік емес жастағы азаматтардың тұруына р ұ қ с а т е т і л м е й д і .

1.5. Жалға алушы пәтерді мақсатына сай (тұру үшін) пайдаланады.

1.6. Әлеуметтік тұрғын үйдегі тұрғын жайларды жекелікке шығаруға, алмастыруға, тұрғын алаңын бөлуге, уақытша тұрғындарды жіберуге, пәтерді жалға беруге рұқсат етілмейді.

II. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Жалға берушінің құқықтары мен міндеттері:

2.1.1. Жалға алушыға пәтерді және пәтердегі жабдықтарды түгелімен санитарлық-техникалық қанағатты жағдайда ұсынады.

2.1.2. Үйді дұрыс ұстауды жүзеге асырады.

2.1.3. Пәтерде уақтылы қажетті және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу.

2.1.4. Жалға алушының өтінімі бойынша пәтердегі жабдықтарды қалпына к е л т і р у .

2.1.5. Егде азаматтың тұрғын үй-коммуналдық қызметтері үшін ақысын т о л ы қ м ө л ш е р д е т ө л е й д і .

2.1.6. Жалға алушы тұру тәртібін үнемі бұзып тұрған жағдайда, жалға беруші оған қолданыстағы заңда көрсетілген әсер ету шараларын қолдануға құқығы бар.

2.2. Жалға алушының құқықтары мен міндеттері:

2.2.1. Пәтерді тек қана тұру мақсатында пайдалануға және оны техникалық жағдайы мен бағыты бойынша пайдалану.

2.2.2. Тұрғын үйді пайдалану ережесін ұстану, оның ішінде өрт қауіпсіздігін сақтау, пәтерді және оның ішіндегі орнатылған жабдықтарды ұқыпты пайдалану.

2.2.3. Жалға алушыға пәтерге және оның ішіндегі орнатылған жабдықтарға зиян келтірген жағдайда оның орнын төлеу.

2.2.4. Тиісті рұқсатсыз жайларда қайта жабдықтауды, орын алмастыруды және орнынан қозғауға болмайды.

2.2.5. Күндіз апат болған жағдайда түнгі уақытта пәтеріне жалға берушілерді және өзге әлеуметтік тұрғын үйдің өкілдерін жөндеу жұмыстарын жүргізуге керек болған жағдайда санитарлық өңдеуге тоқтаусыз жіберу.

2.2.6. Қажет болған жағдайда Жалға берушіден жоспардан тыс пәтерді және оның техникалық жағдайын қарап шығуды талап етуге.

2.2.7. Жалға алушы 6 айдан аса белгілі себептермен жоқ болған жағдайда Жалға берушіге жазбаша хабарлау.

2.2.8. Өз уақытында қалааралық сөйлесулерін қоса байланыс қызметін пайдаланғаны үшін ақысын төлеу.

2.2.9. Қандай да болмасын уақытта осы шарттан шығуға.

2.2.10. Тұрғын үйден басқасына көшкенде Жалға берушіге жайды және ондағы жабдықтарды санитарлық-техникалық жағдайда тапсыруға.

2.2.11. Қолданыстағы белгіленген заңдардағы өзге міндеттерді орындау.

III. Тараптардың міндеті

3.1. Жалға беруші Жалға алушыға осы шарттағы 2.1.1. 2.15. тармақтарында аталған міндеттерді орындамаған жағдайда оның шығынының орнын толтырады.

3.2. Жалға алушы Жалға берушіге белгіленген заң тәртібімен 2.2.1, 2.2.2, 2.2.3 , 2.2.4, 2.2.5. көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда оның материалдық шығынының орнын толтырады.

IV. Шарттың күшіне ену мерзімі

4.1. Шарт өз күшіне қол қойған сәттен бастап кіреді.

V. Басқа жағдайлар

5.1. Екі жақ келіскен жағдайда, келісімінің бір жағының бастамасымен тұрғын үйді жалға беру келісіміне қосымша шарттар енгізілуі мүмкін.

5.2. Осы шартта көзделмеген мәселелер, қолданыстағы заңдарға сәйкес ш е ш і л е д і .

5.3. Осы шартты орындау кезіндегі дау мәселелерді тараптар оны соттан тыс тәртіппен шешуге қажетті шараларды қабылдайды.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаралады.

Осы шарт екі данада жасалды және заң күші бірдей, оның біреуі Жалға берушіде, екіншісі Жалға алушыда болады.

Жалға беруші:	Жалға алушы:
	жеке куәлігі N _____ берілген _____ берілген күні _____